

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 1 беті	

Бекітілді
Басқарма шешімімен
2025 жылғы 8 қазандағы
№ 18 хаттамасымен

«С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ формалды емес білім беру туралы Ереже

Қолдану мерзімі 2025 жылғы 8 қазаннан бастап 2028 жылғы 8 қазанға дейін	Ұзарту мерзімі «__»____20__ж. бастап	Мәртебесі: Әрекеттегі  Ескірген ☐
Алдыңғы ескірген құжат: жоқ	Құжатты басқаратын тұлғаның қолы: ҚКББИ басшысы	Код № Экземпляр № Көшірме №

Алматы – 2025ж.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.ДАСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1
			19 беттің 2 беті

Келісу парағы

Атауы	Лауазымы	Т.А.Ә.	Әрекет түрі
Әзірлеу	Қосымша кәсіби білім беру институт директорының м.а.	Утепбергенова Ж.М. (Мамырбекова С.А.м.а.) 15.09.2025ж.	Келісілді
	Академиялық сапа бөлімінің басшысы	Сыдыкова С.И. 16.09.2025ж.	Келісілді
Келісу	Академиялық жұмыс департаменті басшысының м.а.	Кодекова Г.С. 16.09.2025ж.	Келісілді
	«Жалпы медицина» № 1 мектебі деканы	Измайлова С.Х. 15.09.2025ж.	Келісілді
	«Жалпы медицина» № 2 мектебі деканының м.а.	Елгондина Г.Б. (Шопаева Г.А. м.а.) 15.09.2025ж.	Келісілді
	Педиатрия мектебінің деканының м.а.	Кегенбаева Г.Б. (Аипов Р.Р. м.а.) 15.09.2025ж.	Келісілді
	Халықаралық факультеттің декан	Джардемалиева Н.Ж. 15.09.2025ж.	Келісілді
	Стоматология мектебінің деканы	Есембаева С.С. 16.09.2025ж..	Келісілді
	Фармация мектебінің деканының м.а.	Жуматай Ж.Ж. (Сакипова З.Б. м.а.) 16.09.2025ж.	Келісілді
	Х.Досмұхамедов атандағы қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің деканының м.а.	Авгамбаева Н.Н. (Нурбакыт А.Н. м.а.) 15.09.2025г.	Келісілді
	Дипломнан кейінгі білім беру факультеті деканы	Баймаханов А.Н. 15.09.2025ж.	Келісілді
	Адам ресурстарын дамыту департаментінің басшысы	Нагасбекова Б.С. 22.09.2025ж.	Келісілді
	Ғылым департаментінің басшысы	Шамсутдинова А.Г. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Клиникалық жұмыс бойынша департаментінің басшысы	Даутбаев Е.К. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Атқарушы директор	Лахов С.В. 15.09.2025ж.	Келісілді
	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет басшысы	Әнуар Ә.Ә. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Заң департаментінің басшысы	Ахмет А.Н. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Тәуекелдерді басқару және сапа менеджменті жүйелері басқармасының басшысы	Жангирбаев М.Т. 16.09.2025ж.	Келісілді
	Проректор	Калматаева Ж.А. 22.09.2025ж.	Қол қойылды

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 3 беті

Мазмұны

1. Жалпы ережелер.....	4
2. Ереженің мақсаты мен міндеттері	6
3. Формалды емес білім берудің қағидаттары, критерийлері мен белгілері	7
4. Ресми емес білім берудің нысандары мен түрлері.....	9
5. ФЕББ нәтижелерін тануға ұсыну шарттары.....	12
6. Сынақ бірліктерін тану және есептеу	13
7. Верификация және ішкі бақылау.....	13
8. Кадрлық және білім беру процестеріне интеграциялау	15
9. Қорытынды ережелер	16
10. Танысу парағы.....	18
11. Өзгерістерді тіркеу парағы	19

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 4 беті	

1. Жалпы ережелер

1.1.Мақсаты

Осы Ереже «С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ (бұдан әрі – Университет) формалды емес білім берудің (бұдан әрі – ФЕББ) нәтижелерін тануға ұсыну тәртібін, институционалдық қағидаттарын, жіктемесін, ұйымдастырылуын, құжатталуын, сондай-ақ оларды оқытушының жеке жұмыс жоспарында (бұдан әрі – ОЖЖЖ), автоматтандырылған ақпараттық жүйеге (бұдан әрі – ААЖ) есепке алу және интеграциялау тәртібін белгілейді.

Ереже «Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту қағидаларын» орындау және дамыту үшін әзірленді және комиссияның құрамы мен жұмысын, сынақ бірлігін (бұдан әрі — СБ) және/немесе академиялық сағаттарды есептеу мен есепке алуды, өтініштер мен апелляциялардың мерзімдері мен нысандарын реттейтін «Қызметкерлерге қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларымен» бірлесіп қолданылады.

1.2. Қолданылу аясы

Осы Ереже мыналарға қолданылады:

- 1) Профессор-оқытушылар құрамы (бұдан әрі – ПОҚ), ғылыми қызметкерлер, клиникалық тәлімгерлер мен әкімшілік персоналға, сондай-ақ білім беру қызметіне қатысатын білім алушыларға;
- 2) Формалды емес білім берудің ішкі және сыртқы нысандарына, соның ішінде онлайн-оқыту, ішкі тренингтер, тағылымдамалар, клиникалық мектептер, әдістемелік семинарлар, өзін-өзі оқытуға;
- 3) TeachHub бағдарламасына – педагогикалық, әдістемелік, цифрлық, коммуникациялық, көшбасшылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттерді дамыту құралы ретінде;
- 4) ФЕББ нәтижелерін верификациялау, есептеу, тану, құжаттау және есептілік процестеріне;
- 5) ФЕББ саясатын жүзеге асыруды қамтамасыз ететін құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылына.

1.3. Нормативтік сілтемелер

1. «Қазақстан Республикасының Конституциясы» Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды;
2. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі» Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ;
3. «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі № 360-VI ҚРЗ Кодексі;
4. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
5. «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 5 беті	

сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы № 4 бұйрығы;

6. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;

7. «Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығы;

8. «Денсаулық сақтау қызметкерлерінің үздіксіз кәсіптік даму нәтижелерін растау, біліктілік деңгейін беру және растау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-283/2020 бұйрығы;

9. Университеттің ішкі нормативтік құжаттары, ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесін (бұдан әрі – ІСКЕЖ) және кадрлық саясатты реттейтін құжаттар;

10. Халықаралық стандарттар: WFME Global Standards for Postgraduate Medical Education (PGME); ESG Standards and Guidelines for Quality Assurance in the EHEA (2015); ISO 21001:2018 (Educational organizations — Management systems).

1.4. Терминдер, анықтамалар, белгілер және қысқартулар

Термин / Қысқарту	Анықтама
ААЖ	Университеттің оқу қызметін есепке алуға арналған автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
АЖД	Академиялық жұмыс департаменті
КЖД	Клиникалық жұмыс департаменті
ҒД	Ғылым департаменті
ҚББ	Қосымша білім беру
АРДД	Адам ресурстарын дамыту департаменті
ЦД	Цифрландыру департаменті
ЭҚД	Экономика және қаржы департаменті
Сынақ бірлігі (СБ)	Үйренілген материал көлемін сандық тұрғыда білдіретін шартты еңбек сыйымдылығы бірлігі (1 СБ = 30 академиялық сағат).
ҚКББИ	Қосымша кәсіби білім беру институты
Оқытушының жеке жұмыс жоспары (ОЖЖЖ)	Оқытушының жеке жұмыс жоспары, біліктілікті арттыру жоспары мен есебін қамтиды
ҚазҰМУ	С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті
БББК	Білім беру бағдарламалары комитеті
Формалды емес білім беру (ФЕББ)	Аккредиттелген білім беру бағдарламаларынан тыс, өткізу нысанына, уақытына және орнына қарамастан кәсіби құзыреттерді дамытуға бағытталған және тиісті құжаттармен расталатын оқыту түрі
ҮҚД	Үздіксіз кәсіби даму – кәсіби және тұлғалық құзыреттерді дамытуға бағытталған білім беру іс-шараларының жиынтығы

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1
			19 беттің 6 беті

Оқыту	Білімді, дағдыларды және іскерлікті формалды, формалды емес немесе өзіндік білім алу аясында беру және меңгеру процесі
Растайтын құжат	Сертификат, ішкі есеп, чек-парақ, жетекшінің пікірі немесе ФЕББ шеңберінде құзыреттерді меңгеруді куәландыратын басқа да құжат
ПОҚ	Профессор-оқытушылар құрамы
TeachHub бағдарламасы	ҚазҰМУ ішкі ресми емес білім беру бағдарламасы, ПОҚ, клиникалық тәлімгерлер, әкімшілік-басқарушылық персонал және ғылыми қызметкерлердің педагогикалық, әдістемелік, цифрлық, коммуникациялық, көшбасшылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған; модульдік курстар, тренингтер, симуляциялар, семинарлар, мастер-кластар, peer-review, microteaching арқылы іске асады және peer-to-peer сүйемелдеумен толықтырылады
ІСҚЕЖ	Ішкі сапаны қамтамасыз ету жүйесі
Сертификат	Білім беру іс-шарасына қатысуды немесе өтуін растайтын құжат (формалды емес сипаттағы)
Тағылымдама	Жаңа құзыреттер мен технологияларды меңгеру үшін жұмыс орнында өткізілетін тәжірибеге бағытталған оқыту түрі
Формалды қосымша білім беру	Біліктілікті арттыру және қайта даярлау бағдарламалары (куәлік немесе сертификат беріледі)
ESG	Еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі сапаны қамтамасыз ету стандарттары мен нұсқаулықтары
ННК (KPI)	Негізгі нәтижелілік көрсеткіштері (Key Performance Indicators)
HR	Адами ресурстарды басқару функциясы
ААЖ	Персоналды басқарудың корпоративтік ақпараттық жүйесі
WFME	Дүниежүзілік медициналық білім беру федерациясы (World Federation for Medical Education)

2. Ереженің мақсаты мен міндеттері

2.1. Мақсаты

Осы Ереженің мақсаты – Университеттегі формалды емес білім беруді дамыту үшін бірыңғай нормативтік-ұйымдастырушылық негізді қалыптастыру. Бұл негіз ФЕББ нысандарының әдістемелік бірізділігін, олардың құжатталуын және цифрлық бақылануын қамтамасыз етеді, тануға ұсынылатын материалдарды дайындауды реттейді және танылған нәтижелерді кадрлық және білім беру шешімдерінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Барлық процестер С.Ж.Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінің «Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту қағидалары» мен «Қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

2.2. Міндеттері

Мақсатқа жету үшін Ереже келесі міндеттерді шешеді:

1) ФЕББ критерийлері мен белгілерін бекіту және олардың заңнама талаптары мен Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 7 беті

2) ФЕББ нысандарының жіктелуін және оларды ұйымдастыруға қойылатын талаптарды белгілеу (5-бөлім), соның ішінде формат паспорты, бағдарлама/күн тәртібі және қатысушылар тізімін қамту;

3) ФЕББ-ті жобалау, өткізу және есепке алу барысында құрылымдардың (ҚКББИ, ББК ҚКББИ, TeachHub үйлестірушісі, кафедралар, АРДД) рөлдері мен өзара әрекетін анықтау;

4) Тануға ұсынылу үшін растайтын материалдарға және алдын ала әдістемелік сараптама тәртібіне (ББК ҚКББИ; TeachHub модульдері үшін — TeachHub үйлестірушісі) қойылатын талаптарды белгілеу;

5) ФЕББ-тің цифрлық бақылануын ОЖЖЖ-де, ААЖ қамтамасыз ету және жиынтық есептілікті қалыптастыру;

6) ФЕББ нәтижелерін ОЖЖЖ-ға, аттестациялық және кадрлық рәсімдерге енгізуді регламенттеу (9-бөлім), оның ішінде танылған СБ пайдалану;

7) TeachHub бағдарламасын дамыту және сүйемелдеу мақсатында құрылымдық бөлімшелерге әдістемелік қолдау көрсету (үлгілер, регламенттер, консультациялар беру);

8) ІСКЕЖ, академиялық адалдыққа және комплаенс талаптарына сәйкестікті қамтамасыз ету;

9) «Қызметкерлерді оқыту және кәсіби дамыту қағидаларымен» үздіксіз кәсіби дамуды жоспарлау бойынша және «Тану қағидаларымен» нәтижелерді тану мен СБ есептеу рәсімдері бойынша өзара байланысты қамтамасыз ету.

3. Формалды емес білім берудің қағидаттары, критерийлері мен белгілері

3.1. Іске асыру қағидаттары

1. Заңдылық – Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкестік;

2. Еріктілік – қызметкердің/құрылымдық бөлімшенің бастамасымен қатысу, ҰҚД жоспарларымен міндеттелген жағдайларды қоспағанда;

3. Ашықтық пен айқындық – алдын ала анықталған ережелер, қолжетімді нысандар мен критерийлер;

4. Дәлелділік – нәтижелердің құжаттармен және/немесе қызмет өнімдерімен расталуы;

5. Эквиваленттік – нәтижелердің мақсаттармен/құзыреттермен сәйкестігі және еңбек сыйымдылығының салыстырмалылығы;

6. Қадағалану – ОЖЖЖ-де және HR-жүйелерде тіркелуі, растайтын материалдардың сақталуы;

7. Интеграция – ФЕББ нәтижелерін ҰҚД жоспарлауда, аттестацияда және кадрлық шешімдерде пайдалану;

8. ФЕББ белгілеріне сәйкестік – іс-әрекет пен құжаттардың ФЕББ критерийлеріне сәйкес болуы.

3.2. Формалды емес білім берудің критерийлері мен белгілері

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 8 беті	

Формалды емес білім беру мынадай шарттар сақталған кезде есепке алынуға және тануға ұсынылуға тиіс:

1. Лицензияланатын/аккредиттелетін білім беру бағдарламалары шеңберінен тыс іске асырылады және академиялық дәреже немесе не жаңа біліктілік біліктілік беруге әкеп соқпайды;

2. Құрылымданған кәсіби іс-әрекет болып табылады (семинар, тренинг, воркшоп, симуляциялық сабақ, онлайн-курс/МООС, тағылымдама, job shadowing, TeachHub бағдарламасы және т.б.), аккредиттелетін білім беру бағдарламаларына жатпайды;

3. Қатысу ерікті, егер Университеттің ҮҚД жоспарымен міндеттелмесе;

4. Нәтижелер құжатпен және/немесе қызмет өнімдерімен расталған (сертификат, анықтама, есеп, тәлімгердің пікірі, презентация және т.б.), негізгі реквизиттері көрсетілген (атауы, ұйымдастырушы, қатысушы, күндері/мерзімі, мазмұны, ұзақтығы/еңбек сыйымдылығы);

5. Тақырып пен нәтижелер лауазымдық міндеттерге, бөлімшенің жоспарларына және/немесе ОЖЖЖ мақсаттарына сәйкес келеді;

6. Еңбек сыйымдылығы көрсетілген (академиялық сағаттарда, кредиттерде, СБ түрінде); егер көрсетілмесе, қатысушы есебінде негізделген бағалау беріледі;

7. Тағылымдамалар, job shadowing және өзіндік білім алу үшін құрылым жетекшісінің растауы (қысқаша пікір/есепті визалау) қарастырылған;

8. Адалдық пен комплаенс талаптары сақталған (мүдделер қақтығысының болмауы, дереккөздердің дұрыстығы, академиялық адалдық);

9. Цифрлық қадағалану қамтамасыз етілген (ОЖЖЖ-де және/немесе ААЖ тіркелуі);

10. ФЕББ нысандарының алдын ала әдістемелік сараптамасы БББК ҚКББИ (TeachHub модульдері үшін — TeachHub үйлестірушісі) арқылы жүргізіледі;

11. Шетел тіліндегі құжаттар үшін қажет болған жағдайда титулдық бөліктің және/немесе бағдарламаның қысқаша аудармасы қоса беріледі.

Ескерту. СБ тану рәсімдері, есептеу және қабылдау, өтініштер мен апелляция нысандары «С.Ж. Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ қызметкерлерінің Қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларында белгіленеді.

3.3. Халықаралық және ішкі форматтарды тану

ҚР ДСМ-нің №ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығының 19–20-тармақтарына сәйкес ФЕББ нәтижелерін тануға жол беріледі, егер олар алынған болса:

1) Халықаралық ұйымдарда және онлайн-платформаларда (WHO Academy, BMJ Learning, Coursera, edX, Medscape, Stanford Online және т.б.), сертификат пен курс мазмұны болған жағдайда;

2) Ішкі институционалдық бастамаларда, соның ішінде:

TeachHub бағдарламасы;

клиникалық мектептер мен әдістемелік тренингтер;

ішкі семинарлар, мастер-кластар, peer-review топтары;

жетекшінің пікірі бар тағылымдама есептері.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 9 беті	

ФЕББ нәтижелері осы Ереженің 4.2-бөлімінде белгіленген критерийлер мен белгілерге сәйкес болған жағдайда және растайтын құжаттардың толық топтамасы ұсынылған кезде танылады.

Күмән туған жағдайда БББК ҚКББИ (TeachHub модульдері үшін — TeachHub үйлестірушісі) әдістемелік сараптама жүргізеді, қажет болған жағдайда бейіндік сарапшыларды тартады; одан кейін тану туралы шешім қабылдау, СБ есептеу және тіркеу «Қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларына» сәйкес жүзеге асырылады.

4. Ресми емес білім берудің нысандары мен түрлері

Формалды емес білім беру осы Ереженің 4.2-бөлімінде белгіленген критерийлер мен белгілерге сәйкес нысандарда жүзеге асырылады. Әрбір нысан үшін төмендегілер анықталады: мақсаты, рұқсат етілген форматтары, нәтижелерді растау талаптары, ұйымдастыруы мен есепке алу тәртібі. Негізгі нысандар келесідей жіктеледі:

4.1. Өзіндік білім алу

Мақсаты. Формалды бағдарламалардан тыс жаңа білім мен дағдыларды жеке меңгеру.

Форматтары (мысалдар). Халықаралық онлайн-платформалардағы модульдерді оқу (Coursera, BMJ Learning, WHO Academy және т.б.); профильдік әдебиеттерді оқу; вебинарларға/ подкасттарға/ кәсіби қауымдастықтарға қатысу; оқу-әдістемелік материалдар дайындау және жариялау.

Нәтижелерді растау. Сертификат/оқу барысының логу (бар болса); қысқаша есеп (мақсаты, мазмұны және қолдану нәтижелері сипатталады); оқылған дереккөздердің аннотацияланған тізімі; іс-әрекет өнімі (презентация, әдістемелік материал).

Ұйымдастыру және есепке алу. ОЖЖЖ-де көрсету; егер тағылымдама/тәжірибеге бағытталған компонент болса – құрылым жетекшісінің есебін визалау; ААЖ тіркеу.

4.2. Ішкі білім беру іс-шаралары

Мақсаты. Университет ұйымдастыратын білім беру іс-әрекеттері арқылы құзыреттерді дамыту.

Форматтары (мысалдар). Әдістемелік/клиникалық семинарлар, тренингтер, воркшоптар; симуляциялық сабақтар, клиникалық талдаулар; peer-review сессиялары; кафедралық «оқу ортасы».

Нәтижелерді растау. Бағдарлама/күн тәртібі; қатысушылар тізімі; белгіленген үлгідегі сертификат немесе оқу-әдістемелік бөлімнің есеп нысаны; егер өнім бар болса – материалға сілтеме.

Ұйымдастыру және есепке алу. Ішкі портал арқылы тіркеу; жауапты құрылым – іс-шараны ұйымдастырушы (кафедра/ ҚКББИ); ОЖЖЖ мен АИЖ көрсету. Егер сыртқы іс-шараларға (семинарлар, мастер-кластар, конференциялар) қатысу білім беру құрамдасына ие болса, дәл осы талаптар қолданылады; қажет болғанда қысқаша бағдарлама/ұйымдастырушының анықтамасы қоса беріледі.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 10 беті

4.3. Онлайн-оқыту

Мақсаты. Лицензияланатын/аккредиттелетін бағдарламаларға кірмейтін цифрлық платформалардағы контентті меңгеру.

Форматтары (мысалдар). МООС (жаппай ашық онлайн-курстар); медициналық тақырыптық платформалар; ҚазҰМУ ішкі платформалары (жазылған курстар мен модульдер).

Нәтижелерді растау. Сертификат/электронды үзінді (тақырыптар мен ұзақтығы көрсетілген); сертификат болмаған жағдайда – белсенділік логтары/скриншоттар, қорытынды тапсырмалар/тесттер; қатысушының қысқаша есебі.

Ұйымдастыру және есепке алу. ААЖ тіркеу; ОЖЖЖ-де курс сілтемесі мен растайтын материалдар көрсетіледі.

4.4. Тағылымдамалар және практикалар

Мақсаты. Тәлімгер басшылығымен кәсіби бақылау және іс-әрекетке қатысу түрлері.

Форматтары (мысалдар). Университет ішіндегі тағылымдама (басқа кафедра/орталық/қызмет); горизонталды оқыту (job shadowing); жоба топтарына қатысу.

Нәтижелерді растау. Жеке жоспар/бағдарлама; тәлімгерді тағайындау құжаты; белгіленген үлгідегі тәлімгердің пікірі; тағылымдамашының есебі (мақсаттар, міндеттер, алынған нәтижелер және қолдану жоспары).

Ұйымдастыру және есепке алу. Құрылым жетекшісімен келісу; еңбек қорғау/қауіпсіздік талаптары мен деректерге қол жеткізу ережелерін сақтау; ОЖЖЖ мен ААЖ тіркеу.

4.5. TeachHub бағдарламасы: мақсаттары, құрылымы, тетіктері

Мақсаты. ПОҚ, клиникалық тәлімгерлер, ӘБП және ғылыми қызметкерлердің педагогикалық, әдістемелік, цифрлық, коммуникациялық, көшбасшылық және ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттерін дамытуға бағытталған Университеттің ішкі ФЕББ бағдарламасы.

Құрылымдық форматтары. Модульдік курстар, тренингтер, симуляциялар, семинарлар; peer-review, microteaching; LMS (Moodle) жүйесіндегі онлайн-модульдер.

Іске асыру тетіктері. Жылдық TeachHub жоспары; «ішкі тренерлер мен фасилитаторлар пулы; цифрлық қолдау (LMS Moodle, e-portfolio, ААЖ); қатысушының жеке картасында құжаттау.

СБ тану. Қатысу мен еңбек сыйымдылығы «Тану қағидаларына» сәйкес есептеліп, тануға ұсынылады (негізгі көрсеткіш: 1 СБ = 30 академиялық сағат).

Институционализация. Бағдарлама тиісті санаттағы ПОҚ үшін ОЖЖЖ-нің міндетті бөлігі болып табылады; нәтижелер аттестацияда және кадрлық шешімдерде пайдаланылады (9-бөлімге сәйкес).

Жауаптылар. TeachHub үйлестірушісі және жұмыс тобы; модульдердің әдістемелік сараптамасы – БББК ҚКББИ.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 11 беті

4.5.1. TeachHub модульдерін қалыптастыру қағидаттары

1. Модульдер Университет құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен басымдықтарына негізделіп қалыптастырылады;
2. Әрбір модульдің нақты мақсаты, мақсатты аудиториясы және өлшенетін күтілетін нәтижесі болады;
3. Модульдер мониторинг, кері байланыс және СБ тануға ұсыну жүйесі арқылы сүйемелденеді; нәтижелілікке баға беру үшін (KPI) қолданылады;
4. Форматтары – интеграциялық, мамандандырылған, пәнаралық.

4.5.2. TeachHub модулінің паспорты (міндетті реквизиттер)

1. Модуль кураторы (құрылымдық бөлімше) және фасилитаторлар;
2. Мақсатты аудитория;
3. Модульдің мақсаты және қалыптасатын құзыреттер (PDCA/KPI-ге сәйкестік – бар болса);
4. Модуль құрылымы (тақырыптар/сессиялар): кіріспе; құралдар мен практикалар; материалдарды бағалау; peer-review; PDCA/CAPA қолдану;
5. Форматтар: офлайн/онлайн-сессиялар, практикумдар, кейстерді талдау, жобалық жұмыс;
6. Міндетті тапсырмалар: мини-жоба (аудит/жақсарту), кері байланыс құралы, peer-review бойынша рефлексия;
7. Сәтті аяқтау критерийлері: барлық сессияларға қатысу; жобалық тапсырманы орындау; презентация/талдамалық жазба;
8. Нәтижелерді бағалау: сапалық есеп, талқылауға қатысу, peer-assessment;
9. Еңбек сыйымдылығы мен СБ; күнтізбелік ұзақтығы;
10. Интеграция: қатысушының жеке картасына енгізу; ОЖЖЖ, LMS және ААЖ-де тіркеу; қажет болса – тануға ұсыну.

4.5.4. TeachHub қатысушысының жеке картасы

ААЖ электронды жазба: қатысушы деректері; модуль/ағым; тіркелген байланыс сағаттары және өзіндік жұмыс сағаттары; орындалған тапсырмалар мен өнімдер; фасилитатор белгілері; TeachHub үйлестірушісінің верификациясы; мәртебелері («тіркелген – үдерісте – аяқталған – тануға ұсынылған – танылды»); ОПЖЖ/ААЖ-ге жазбаның күні мен нөмірі.

4.5.5. TeachHub нәтижелерін мониторинг және бағалау

1. Әрбір модуль бойынша кері байланыс жинау; қанағаттану және қолданылу деңгейін талдау;
2. ПОҚ-тың қатысуы мен прогресі бойынша жиынтық талдау; академиялық басшылыққа есептер дайындау;
3. Кері байланыс пен KPI мониторингінің негізінде модуль мазмұнын қайта қарау;
4. Нәтижелерді ОЖЖЖ мен ААЖ-да тіркеу; қажет болғанда – тануға ұсыну.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.ДАСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	
		Редакция: 1 19 беттің 12 беті	

5. ФЕББ нәтижелерін тануға ұсыну шарттары

5.1. Жалпы талаптар

ФЕББ нәтижелері бір мезгілде мынадай шарттарды орындаған кезде тануға ұсынылуы мүмкін:

- 1) Осы Ереженің 4.2-бөлімінде көрсетілген ФЕББ критерийлері мен белгілеріне сәйкестігі;
- 2) Растайтын материалдардың толық топтамасының болуы, оның ішінде:
іс-шаралар үшін – бағдарлама/күн тәртібі;
тағылымдамалар үшін – жоспар/тәлімгерді тағайындау құжаты;
сертификат, анықтама, есеп, тәлімгердің пікірі, презентация және т.б. сияқты растайтын құжат және/немесе қызмет өнімі;
топтық нысандар үшін – қатысушылар тізімі;
- 3) Тақырыптың және нәтижелердің лауазымдық міндеттерге, құрылымдық бөлімшенің жоспарына және/немесе ОЖЖЖ мақсаттарына сәйкестігі;
- 4) ФЕББ нысанының алдын ала әдістемелік сараптамасы (БББК ҚКББИ арқылы; TeachHub модульдері үшін — TeachHub үйлестірушісі) және құжаттаманың талаптарға сәйкестігін тексеру;
- 5) Қадағалануды қамтамасыз ету үшін ОЖЖЖ және/немесе ААЖ-да нәтижелерді цифрлық тіркеу.

5.2. Растайтын құжаттарға қойылатын талаптар

Растайтын материалдарда міндетті түрде мына мәліметтер көрсетілуі керек:

- 1) Іс-әрекеттің атауы және форматы (семинар, тренинг, онлайн-курс/МООС, тағылымдама, job shadowing және т.б.);
- 2) Қатысушы туралы деректер (Т.А.Ә., құрылымдық бөлімше);
- 3) Қатысу күндері/мерзімі және мазмұнының сипаттамасы (тақырыптар/модульдер, мақсаттар/күтілетін нәтижелер);
- 4) Еңбек сыйымдылығы (академиялық сағаттарда немесе қатысушы есебінде негізделген бағалауда көрсетіледі);
- 5) Ұйымдастырушы/тәлімгер туралы деректер (ұйымның/бөлімшенің атауы, жауапты тұлға).

Шетел тіліндегі құжаттар қажет болған жағдайда титулдық бөліктің және/немесе бағдарламаның қысқаша аудармасымен сүйемелденеді.

5.3. ФЕББ-тің бағыттылығы мен салалары

Қарауға салалардағы құзыреттерді дамытуға бағытталған ФЕББ нәтижелері қабылданады:

- 1) Клиникалық тәжірибе;
- 2) Педагогика және оқыту әдістемесі;
- 3) Бағалау, симуляциялық оқыту, тәлімгерлік;
- 4) Цифрлық және басқарушылық дағдылар;
- 5) Пациент қауіпсіздігі, дәлелді медицина, этика және т.б.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
	Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 13 беті

5.4. Растау нысандарының қолжетімді форматтары

Келесі растау форматтарына рұқсат етіледі (қолдану мысалдарымен):

- 1) Қатысу сертификаты / ішкі үлгідегі сертификат – онлайн-курстар, тренингтер, TeachHub, кафедралық форматтар үшін;
 - 2) Қатысушының есебі – өзіндік білім алу, тағылымдамалар, сертификатсыз онлайн-курстар (мақсаттар, мазмұны және қолдану нәтижелері көрсетіледі);
 - 3) Тәлімгердің/жетекшінің пікірі – тағылымдамалар, job shadowing үшін;
 - 4) Анықтама/белсенділік логтары – платформалық модульдер үшін, сертификат болмаған жағдайда;
 - 5) Қызмет өнімі – презентация, әдістемелік материал, кейс және т.б.
- Тануға ұсыну кезінде құжаттарға қойылатын нақты талаптар «Тану қағидаларымен» белгіленеді.

6. Сынақ бірліктерін тану және есептеу

6.1. Танудың рәсімдері

Материалдарды қарау, тану туралы шешім қабылдау, СБ-ні қайта есептеу және тіркеу, мерзімдер, өтініштер мен апелляция нысандары – барлығы «С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларымен реттеледі.

6.2. Есеп және мәртебе бағдарлары

Университеттің ақпараттық жүйелерінде әрбір ФЕББ-ның әрбір белсенділігі үшін көрсетіледі: «іске асырылды» → «тануға ұсынылды» → «танылды» (соңғы мәртебе – комиссия хатшылығының деректері негізінде, рәсімдерді қайталамай).

ОЖЖЖ/ААЖ нәтижелерін есепке алу және оларды аттестаттау және кадр процестеріне пайдалану осы Ереженің 9-бөлімі бойынша жүзеге асырылады.

7. Верификация және ішкі бақылау

7.1. Рөлдер мен жауапкершілік аймақтары

ФЕББ нәтижелерін верификациялау және ішкі бақылауды ұйымдастыру институционалдық және құрылымдық деңгейлерде келесі функцияларды бөлу арқылы жүзеге асырылады:

- 1) ҚКББИ – ішкі оқытуды және TeachHub бағдарламасын әкімшілік-әдістемелік үйлестіру; құрылымдық бөлімшелерге ұйымдастырушылық-әдістемелік сүйемелдеу; ҰКД бойынша жиынтық есептілікке қатысу.
- 2) Құрылымдық бөлімшелер, кафедралар және ПОҚ – ішкі білім беру іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу; тәлімгерлік; бастапқы құжаттау және есепке алу мен тануға ұсыну үшін материалдарды тапсыру.
- 3) ББК ҚКББИ – ФЕББ нысандарының әдістемелік қолдауы және сараптамасы; формат паспорттары мен үлгілерін келісу; құжаттық ресімдеуге консультация беру;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 14 беті	

материалдарды тануға ұсынуға дайын екендігі туралы қорытынды беру (тану туралы шешім қабылдаусыз).

4) TeachHub үйлестірушісі – модульдерді жоспарлау, қатысушыларды тіркеу; жеке карталарды жүргізу; модульдердің TeachHub талаптарына сәйкестігін верификациялау және сағаттарды есепке алу; бағдарлама бойынша жиынтық есептілікті қалыптастыру.

5) Кафедра және клиникалық база жетекшілері – қызметкерлердің қатысуына ықпал ету; жеке есептерді визалау (оның ішінде тағылымдамалар, job shadowing, өзіндік білім алу бойынша); іс-әрекеттердің бөлімше міндеттері мен ОЖЖЖ мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз ету; әдістемелік сараптама және есепке алу үшін деректерді ҚКББИ -на тапсыру.

6) АРДД — ФЕББ нәтижелерін ОЖЖЖ және ААЖ-да тіркейді, ҮКД бойынша жиынтық талдау мен есептілікті жүргізеді; ФЕББ туралы ақпаратты портфолиоға және аттестаттау материалдарына қосуды қамтамасыз етеді.

7.2. Верификация тетіктері (негізгі тәртіп)

1. Материалдардың толықтығы мен дұрыстығын тексеру – іс-шаралар үшін бағдарлама/күн тәртібінің болуы немесе тағылымдамалар үшін жоспар мен тәлімгерді тағайындау; қатысушылар тізімі; міндетті реквизиттері бар құжаттар (атауы, ұйымдастырушысы, қатысушысы, мерзімі, мазмұны, ұзақтығы/еңбек сыйымдылығы).

2. ФЕББ белгілеріне сәйкестікті бағалау – материалдарды 4.2-бөлімдегі критерийлермен, сондай-ақ лауазымдық міндеттермен, бөлімше жоспарларымен және ОЖЖЖ мақсаттарымен салыстыру.

3. Әдістемелік сараптама – формат паспорттары мен материалдарды БББК ҚКББИ қарастырады; TeachHub модульдері үшін – TeachHub үйлестірушісі сараптайды. Стандартты емес форматтар болған жағдайда ҚКББИ уақытша жұмыс тобын құруы мүмкін.

4. Еңбек сыйымдылығын валидациялау – академиялық сағаттарда көрсетілген/негізделген ұзақтығын тіркеу; СБ қайта есептеу және тіркеу Қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

5. Цифрлық тіркеу және қадағалануы – қатысу мен нәтижелерді ОЖЖЖ-де және ААЖ-не тіркеу, сілтемелер/файлдарды қоса беру, мәртебелерді көрсету («іске асырылды / тануға ұсынылды / танылды»).

7.3. Стандартталған нысандар мен есепке алу құралдары

Біріздендіру және қадағалау үшін келесі формалар қолданылады (шаблондар ішкі порталда орналастырылады):

1) ФЕББ нысанының паспорты (типтік/қайталанатын форматтар үшін) – ҚКББИ /ұйымдастырушы;

2) Іс-шара бағдарламасы/күн тәртібі немесе тағылымдама жоспары мен тәлімгерді тағайындау – ұйымдастырушы/тәлімгер;

3) Қатысушылар тізімі (біртұтас үлгі) – ұйымдастырушы;

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 15 беті	

4) Қатысушының ішкі есеп нысаны – өзіндік білім алу, сертификатсыз онлайн-курстар, тағылымдамалар үшін;

5) Жетекшінің/тәлімгердің пікір нысаны – тағылымдамалар және job shadowing үшін;

6) TeachHub жеке картасы – TeachHub үйлестірушісі;

7) ФЕББ бойынша жиынтық тізім (іске асқан іс-әрекеттер, тануға ұсынылған және танылған нәтижелер) – АРДД.

7.4. Өзара іс-қимыл және эскалация

ФЕББ форматын немесе материалдар жиынтығын түсіндіруде сәйкессіздіктер болған жағдайда:

1) Ұйымдастырушы әдістемелік консультация алу үшін ҚКББИ ББК-ке (немесе TeachHub модульдері үшін – TeachHub үйлестірушісіне) жүгінеді;

2) Қажет болған жағдайда ҚКББИ уақытша жұмыс тобын құрады;

3) Сараптама қорытындысы бойынша жетілдіру жөнінде ұсыныстар беріледі және тануға ұсынуға дайын екендігі расталады.

Тану, СБ есептеу және тіркеу, сондай-ақ өтініштер мен апелляция мерзімдері «С.Ж.Асфендияров атындағы қазақ ұлттық медицина университеті» КЕАҚ Қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларымен реттеледі.

8. Кадрлық және білім беру процестеріне интеграциялау

Формалды емес білім беру үздіксіз кәсіби дамудың институционалдық жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады және қызметкерлердің қызмет нәтижелерін жоспарлау, есепке алу және бағалау кезінде қолданылады. Осы бөлімде ФЕББ нәтижелерін ОЖЖЖ-ге енгізу тәртібі және оларды Университеттің аттестациялық және кадрлық рәсімдерінде пайдалану реттеледі.

8.1. ОПЖЖ жүйесімен байланысы

1. Жоспарлау. Әрбір қызметкердің ОЖЖЖ-де жоспарланған ФЕББ нысандары (TeachHub, тағылымдамалар, онлайн-курстар және т.б.) мақсаттарымен және күтілетін нәтижелерімен көрсетіледі.

2. Нәтижелерді тіркеу. Іске асырылған ФЕББ іс-әрекеттері электрондық ОЖЖЖ-ге енгізіліп, растайтын материалдар қоса тіркеледі (сертификаттар, есептер, пікірлер, өнімдер).

3. Нәтижелердің мәртебесі. ОЖЖЖ-де, ААЖ-де мәртебелер көрсетіледі: «іске асырылды», «тануға ұсынылды», «танылды» (соңғысы – «Қосымша және формалды емес білім беру нәтижелерін тану қағидаларында» белгіленген тәртіппен қабылданған шешім негізінде).

4. Көлемді есепке алу. ОЖЖЖ-де танылған нәтижелердің көлемі (СБ) тіркеледі, бұл ҮКД мониторингі мен портфолио қалыптастыру үшін қолданылады.

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 16 беті	

5. Жетекшінің рөлі. Кафедра/құрылым жетекшісі ФЕББ бойынша жазбаларды визалайды, құзыреттерді дамытуға ұсыныстар береді және нәтижелерді қызметте пайдалануды қамтамасыз етеді.

8.2. Аттестациялық және кадрлық рәсімдерде бейнеленуі

ФЕББ нәтижелері келесі жағдайларда қолданылады:

- 1) Қызметкерді аттестациядан өткізу кезінде;
- 2) Кәсіби даму деңгейін бағалау барысында;
- 3) Кадрлық шешімдер қабылдау кезінде (лауазымдық өсім, марапаттау, ынталандыру және т.б.);
- 4) Құрылымдық бөлімшелердің даму жоспарларын бағалау кезінде;
- 5) КРІ көрсеткіштерін есептеу кезінде.

8.3. Академиялық мансап пен дамуға әсері

ФЕББ институционализациясы мыналарды қамтамасыз етеді:

- 1) Формальды және қосымша білімге қосымша дербестендірілген даму траекториялары;
- 2) Медициналық педагогке, тәлімгерге және ғылыми қызметкерге қойылатын қазіргі заманғы талаптарға сәйкес келетін құзыреттілік бейінін қалыптастыру;
- 3) Ішкі академиялық ұтқырлық және кафедрааралық тәжірибе алмасу бағдарламаларына қатысу;
- 4) Университеттің білім беру экожүйесіне ішкі үлесін тану (TeachHub-қа қатысу, фасилитация, тәлімгерлік, материалдарды әзірлеу);
- 5) ФЕББ нәтижелерін ескере отырып, біліктілікті арттыру және халықаралық ұтқырлық бағдарламаларына басым енгізу.

9. Қорытынды ережелер

9.1. Өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің бастамасы бойынша, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы, халықаралық стандарттар немесе Университеттің ішкі нормативтік құжаттары өзгерген кезде енгізіледі.

Өзгерістер жобасы құжатты реттеу саласына байланысты Заң бөлімімен және Университеттің басқа да мүдделі құрылымдық бөлімшелерімен міндетті түрде келісілуге тиіс, содан кейін Университет Басқармасының шешімімен бекітіледі.

9.2. Құжаттың қолданылу мерзімі

Ереже Университет Басқармасының отырысында бекітілген сәттен бастап күшіне енеді және ол ресми түрде жойылғанға немесе жаңа редакциямен ауыстырылғанға дейін қолданылады.

Құжатты қайта қарау кемінде үш жылда бір рет немесе одан бұрын — Университеттің нормативтік базасы, құрылымы өзгерген кезде жүзеге асырылады.

9.3. Танысу және жариялау тәртібі

	«С.Ж. АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ НАО «КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.ДАСФЕНДИЯРОВА»		
Қосымша кәсіби білім беру институты	Формалды емес білім беру туралы Ереже	Редакция: 1 19 беттің 17 беті	

Ереженің өзекті редакциясы Университеттің ресми сайтында орналастырылады. Құжаттың мұрағаттық нұсқалары істер номенклатурасына және мұрағаттық сақтау мерзімдеріне сәйкес сақталады.

Ереженің күші қолданылатын барлық қызметкерлер бекітілген сәттен бастап 10 жұмыс күні ішінде оның өзекті редакциясымен танысуға міндетті.

9.4. Орындалуын бақылау

Осы Ереженің сақталуын бақылауды жауапты Қосымша кәсіби білім беру институты жүзеге асырады.



Формалды емес білім беру
туралы Ереже

Редакция: 1
19 беттің 18 беті

[illegible]



Формалды емес білім беру
туралы Ереже

Редакция: 1

19 беттін 19 беті

[illegible]